



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Араб және парсы тілдерінің түркі
тілдеріне әсері



Орта ғасырдың VIII ғасырынан X ғасырдың 2-ші жартысына дейін екі ғасырдай араб тілі үстемдік құрды. Одан кейін бір ғасыр парсы тілі үстемдік етті, кейін түркі тілінің де бағы ашылды. X ғасырдың соңы мен XI ғасыр аралығында араб тілінің ықпалы екі тілге де күшті болды. Парсылар арабпен шегаралас болған соң, араб сөзі мен терминдер, діни сөздер көбісі парсылар арқылы келді. Араб сөздерімен қатар парсы тілі де түрік тіліне еніп отыр. Оның басты себебі түркілердің ислам дінін қабылдағаны. Ең бірінші Жаратушыға сенім, Аллаға сенім, тәңірге сенім түркі тілінде қатар жүре бастады. Бұл діни тұрғыдан алғанда алғашқы әсер болды. Діндегі пайғамбарлар, Алланың таңдаулы құлдары, олардың басты міндеті – қарапайым халықты тура жолға жетелеу. Пайғамбардың сөзі, парсы сөзі, арабша «рәсул» дейді. Осы «рәсул» сөзінен гөрі, «пайғамбар» сөзін түркілер көбірек пайдаланады. Себебі парсы әдебиеті бізге жақын болды және тілдердің ықпалы қатар жүріп отырды.

Бес уақыт намаз, мәселен, бесін намазы, түсте оқылатын намаз, «пишин» парсы сөзінен шыққан, ол түнгі намаздан бұрынғы деген мағынаны білдіреді. Түскі намаз бен түнгі намаздың арасын «намаздыгер» деп атайды. Бұл да парсы сөзі. Ақшам намазы, ол сірә, түрікше, кешкі «құптан» намазын қазақтар ұйқы алдындағы намаз деп атайды, парсы тілінде «хофтен» деп айтылады. Әр тілдің өзінің фонетикалық заңдылығымен соған ауыстырғанда қазақша «құптан» деп аталған.

Адам есімдеріне келгенде арабтан мұсылманша келген Мұхаммед, Ахмет, Мұстафа есімдері қазақ мәдениетіне енді. Парсы тілінің ықпалы да аз емес еді. Мысалы, парсының Әмір, Осман есімдері қазақта кең қолданысқа енген. Парсының Моруарит деген сөзін қазақша Меруерт деп атайды. Москва сөзін Мәскеу деген сияқты, әр тіл сөздерді өзінің фонетикалық заңдылығына бағындырады.

Тілдің құдіретін, өзіндік қасиетін сақтай білетін тілдер өзге тілдерден алынған сөздерді өзгерте алатын күші болады. Қазақ тілі сондай жетілген тілдердің бірі. Басқа тілдерден алынған сөздерді көркем қылып, өзінің ыңғайына келтіріп, дыбыстандырып қазақ тілінің сөзі ретінде қолданады. Тиісті маман болмаса, ол сөздің түбірі парсы, не араб екенін білмей де қалады. Парсы тілінің біздің тілге ықпалы болғанымен, түркі тілі де парсы тілінде аз болған жоқ. XX ғасырдың соңына дейін мың жылдай Иран елін түрік тектес патшалар билеп отырды. Соның салдарынан көптеген түркі сөздері парсы тіліне енді. Мысалы, «қылыш» түркі сөзі, бірақ бұл сөзді парсылар да қолданады. Екі жақтың ықпалының соншалықты зор болуынан, бүгінгі күні ер азаматқа парсылар «аға» дейді, әйел адамға «ханум» дейді. Бұлар түркі сөздері. Ал парсының сөзін біз, мысалы, ер азаматқа «мырза» деген сөзді қолданып жүрміз. «Мырза» деген сөз, «әмір» деген сөзден шыққан. Мұны тілдердің ықпалдастығының бір көрінісі деп атауға болады. Ғылыми тұрғыдан қарасақ, араб, парсы тілдерінің бізге ықпалы, біріншіден Құранға, екіншіден «Шахнаме» сияқты туындыларға байланысты. «Шахнамені» ирандықтардың ұлттық мұрасы деп айтуға болады. Фирдоуси ұлттық ақын ретінде танымал, оның шығармалары арқылы көптеген сөздер енді. Арабтар екі салаға үлкен мән берген: тарих және әдебиет салалары.

Тарих саласында, басқасын айтпағанда, Орталық Азияға, түркілердің тарихына тікелей жазба деректер ретінде пайдаланатын ұлы ғалымдардың араб тілінде жазылған еңбектері күні бүгінге дейін түркітанушылардың назарында. Кейін бұған біздің елдің ғалымдары да назар аударды. Осы екі үлкен саланың атауларын қазақтар арабтан алған. «Тарих» және «әдебиет» деген сөздер, сол сияқты «кітап» деген сөз араб тілінен алынған. Көркем әдеби шығармаларының және тарихи деректерінің мықты болуынан бүгінде осы тілдердің ықпалы жойылмай отыр.

«Атлах шайқасын» тұңғыш жазған ғалым, арабтың тарихшысы Ибн әл-Асир болған. Қытай тарапынан да бұл шайқас туралы деректер қолға алынып жазылған. Парсы тілінің ықпалы да тарихи еңбектерінің арқасында пайда болды. Қазақтың жері, аумағы туралы оның ішінде Жетісу, Баласағұн, Тараз қалалары туралы көптеген мағлұматтар алғаш рет «Тарихнаше» кітабында жазылған. Бұл кітапты IX ғасырдың соңында араб тарихшысы жазған. Кейін араб нұсқасы жойылып, ол парсы тіліне аударылып жазылды. Парсы тілінің Самандардың саяси ықпалының арқасында мәдени тілдік ықпалы күшті болды.

Тараз бұрынғы кезде «Таласи», «Талас» деп аталған, кейін Самандықтар келіп Таразды жаулап алғаннан соң, өз тілінің ыңғайына қарай «Тараз» деп атап кеткен. Сол қала бүгін де өзгертілмей солай аталып келеді. Тараз туралы алғашқы тарихи деректі тарихшы Ата Малик Джувеини (1226–1282) жазған. Ол Иранның Хорасан аймағындағы Джувеин мекенінде



дүниеге келіп, Тәбриз қаласында жерленді. Оның көп томдық «Әлемді жаулаушылар тарихы» атты еңбегі Моңғол, Түркі және Иран әлемінде өткен тарихи оқиғаларды баяндайды. Сонымен қатар, қазақтардың әртүрлі тайпалары жөнінде көптеген мағлұмат береді.

Парсы тіліндегі осындай шығармалар, біздің тілімізге ықпалын, әсерін жасап отырды. Орта ғасырдағы араб тілінің ықпалы азайғаннан кейін парсы тілінің ықпалы Х ғасырда Фирдаусидің «Шахнамесінен» басталып, әдеби шығармадан, тарихи шығармаларға ауысты. Одан кейін Рашид ад-Диннің «Джами ат-Таварих» шығармасы дүниеге келді. Ол 1310 жылы жазылған. Бұл шығарма түркілердің моңғолдармен, сол кездегі тарихи, саяси қатынастары жөнінде тереңнен жазылған тарихнамалардың бірі болып есептеледі. Парсы тіліндегі біздің түркі тарихына тікелей қатысты шығарманың бірі, Иран тарихшысы және әдебиетшісі Шарафиддин Али Язди жазған «Зафар-наме» (Жеңіс хаты) кітабы. Бұл Әмір Темір және түркі мен моңғолдардың тарихи оқиғалары туралы кітап 1424–1425 жылдары парсы тілінде жазылады. Сонымен қатар, 1330 жылы жазылған тарихшы, географ Хамдуллах Мустоуфи Казвинидің «Тарих-и Гузидэ» кітабы, Орталық Азияға ықпалын тигізген туындылардың бірі. Бұл кітапты Мұхаммед Хайдар Дулати, «Тарихи Рашиди» еңбегінде пайдаланған. Парсы тіліндегі шығармалардың аудармаларынсыз, бізге қазақ, не түрік тарихын зерттеу мүмкін емес еді. Себебі түркілердің көптеген тарихи оқиғалары, мәдени қатынастары, әдебиеті парсы тілінде жазылды. 1585 жылы бір «Тарихи Әлфи» деп аталған парсы тілінде жазылған үлкен зерттеу жұмысы шықты. Оның пайғамбар заманынан Әмір Темірдің ұрпақтары Әкпаршаға дейін мыңжылдық тарихы бар. Оны оқитын болсақ, түркілердің рөлінің жоғары екендігін көреміз.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) Ташкент маңындағы Өртөбеде туып, Кашмирде қаза тапқан. Кашмирде 1542–1546 жж парсы тілінде жазылған «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы. Аталған еңбек Қазақ хандығының құрылған жылын жазған жалғыз жазба дерек болып табылады. Соның арқасында мемлекетіміз 2015 жылы қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығын тойлады.

Парсы, араб тілдерінің ықпалы жай ғана діни наным-сенім емес, көптеген ғылыми еңбектер арқылы жүзеге асып отыр. Арабтарды халифалар жасаған болса, ирандықтарды саманиттар жасады. Егер әдебиетке, ғылымға саяси билік қолдау көрсетпегенде, Иранда әдебиет пен ғылым өріс алмайтын еді, парсы тілі өлі тілге айналатын еді. Тілді тірілтетін үш фактордың бәрі билік, байлық, зиялылық іске қосылып, парсы тілі өз орнын тапты. Бұлардың үшеуі жеке-жеке болғанда, әрқайсысы әлсіз болып, басқа елге тәуелді болуы да мүмкін еді.

Түркілерге арабтардың ықпалы жан-жақты болды. Түркілер отырықшы және көшпенділер болып екі түрлі өмір сүрді. Отырықшы түркілерге, көшпелі түркілерге қарағанда, араб пен парсының ықпалы күштілеу болды. Ұйғырлар мен өзбектер отырықшы тобына жататын еді, кейін олар қалаға шығып, саудамен айналысса да, парсы, араб тілдерінің ықпалы жойылмады. Ұйғырдың бір зерттеушісі «Саидхан ұйғыр тілін бұзды» деп айтқан екен. Қазақ тілі түркі тіліне жатса да, парсы, араб сөздері өте көп қолданылады. Өзбек пен ұйғыр тілін білу үшін, араб, парсы тілін біле тұра, оны түсіну қиынға соқпайды. Себебі бұл тілдерде парсы, араб сөздері көп. Түркілерді қарлұқ, қыпшақ, оғыз тобы деп үшке бөлсек, оғыз және қарлұқтар қалалық жерде отырықшы өмір сүргендіктен, олар араб парсы сөздерін көбірек қолданған. Далалық түркілер деп саналатын қазақтар болса, парсы, араб сөздерін өте аз қолданған. Қазақтар парсы, араб сөздерін қолданғанда, оның жақсы жері, өзінің тілінің дыбыстандырылуына бағындырып отырды. Егер үш тілді бірдей білетін маман болмаса, ол сөздер қазақтың сөзі ретінде қабылданады. Қазақтар, түркі халықтарының ішіндегі араб, парсы сөздерін ең аз қолданған ұлттардың қатарында, тілі ең таза тіл деп есептеледі.